

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты Саржигитов Ерик Тортаевичтің «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбына жазған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ

Қазақ әдебиеттану ғылымында жыраулар поэзиясы – халықтың рухани қазынасы, ұлттық құндылықты сақтаған көркемдік әлем. Жыраулар поэзиясы – қазақ халқының тарихында қайталанбас, айрықша орны бар, рухани-әлеуметтік маңызы орасан зор, қыр-сырлары әлі күнге толық айқындалып болмаған қызықты да күрделі құбылыс.

Диссертациялық жұмыс көне дәуірдегі жыраулар мұрасының ғылыми табиғатын жүйелеп, оны жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін тұңғыш рет кешенді түрде зерттеуімен өзекті. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық әдебиет үлгілерін жаңа технологиялармен сабақтастыра отырып оқыту мәселесі күн тәртібінен түспей отырған тұста бұл еңбектің маңызы зор.

Зерттеу жұмысының мазмұны үш тараудан тұратын құрылыммен берілген. Бірінші тарауда жыраулық дәстүрдің әлем әдебиетіндегі орны салыстырмалы түрде сараланып, қазақ әдебиетіндегі жыраулық поэзияның даму кезеңдері мен зерттелу тарихы терең талданған. Ізденуші Саржигитов Ерик Тортаевич жыраулар поэзиясының қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрінісін дәстүр жалғастығы тұрғысынан саралап, әдеби сабақтастық заңдылықтарын айқындаған. Сонымен қатар жыраулық дәстүрдің ғасырлар бойы үзілмей келе жатқандығын, оның қазіргі ақындық мектептерге ықпалын нақты мысалдар арқылы дәлелдеген. Бұл тарауда жыраулар поэзиясының құрылымы, көркемдегіш құралдары, тілдік ерекшеліктері жан-жақты талданып, көне мәтіндердің семантикалық тереңдігі ашылған.

Екінші тарауда жоғары оқу орнында жыраулар поэзиясын оқытудың әдіснамалық негіздері қарастырылған. Бұл бөлімде жыраулар толғауларындағы тәуелсіздік идеясы, философиялық ұстанымдары, психологиялық және педагогикалық негіздер кешенді түрде жүйеленген. Ізденуші жыраулар мұрасының бүгінгі ұрпақ үшін рухани-адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі екендігін терең әрі жүйелі түрде негіздеген. Әсіресе, жыраулар поэзиясын оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерінің жіктеліп, олардың тиімділігі теориялық тұрғыда дәлелденуі – жұмыстың ғылыми құндылығын арттырған. Оқытудың проблемалық, ізденістік, зерттеушілік, сын тұрғысынан ойлау, диалогтік оқыту сынды әдістері жыраулар поэзиясының табиғатына сай іріктеліп, олардың тиімділігі теориялық тұрғыдан дәйектелген.

Үшінші тарауда «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті және оқыту жүйесі» пәні аясында оқытудың әдістемелік жүйесі жасалған. Ізденушінің инновациялық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін жыраулар мұрасын оқыту

Жетісу

үдерісіне енгізу жолдарын ұсынуы – заманауи білім беру талаптарына толық жауап береді. Бұл – диссертацияның практикалық маңыздылығын айғақтайтын тұстарының бірі. Сондай-ақ ізденуші Саржигитов Ерик Тортаевич жасанды интеллект көмегімен жыраулар мәтіндерінің лингвистикалық базасын жасау, оларды цифрлық форматта талдау мүмкіндіктерін де ұсынған. Бұл бағытта жасалған әдістемелік ұсыныстар бүгінгі цифрлық білім беру кеңістігінің талаптарымен үндесіп, зерттеудің практикалық құндылығын арттыра түседі.

Зерттеуші жыраулар поэзиясын оқытуда лингвопоэтикалық, когнитивтік, герменевтикалық тұрғыдан талдау арқылы көне мәтіндердің жаңаша оқылу мүмкіндігін ашқан. Атап айтқанда, Шалкиіз, Доспамбет, Жиембет, Ақтамберді, Бұқар жыраулардың толғауларындағы символдар, метафоралар мен троптар жүйесі сараланып, олардың танымдық-эстетикалық қызметі айқындалған. Сондай-ақ, оқыту әдістемесінде білім алушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға баса мән беріліп, жыраулар поэзиясының тәрбиелік мәні кең ауқымда дәйектелген. Жыраулар мұрасын оқыту арқылы білімгерлердің патриоттық сезімін, тарихи санасын және ұлттық руханиятқа құрметін қалыптастыру жолдары нақты әдістемелік шешімдермен ұсынылған.

Диссертацияның ғылыми аппараты дұрыс құрылған, әрбір тұжырым мен қорытынды нақты талданған. Зерттеу жұмысының мазмұны қойылған мақсат-міндеттерге толық сәйкес келеді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті әрі жүйелі, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері кеңінен қамтылған. Жыраулар поэзиясын жүйелеу мен оны жоғары оқу орнында оқытудың тиімді әдістемесін жасау арқылы ізденуші Саржигитов Ерик Тортаевич қазақ әдебиеті мен оқыту әдістемесі ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Саржигитов Ерик Тортаевичтің диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеудегі қойылатын барлық талаптарға сай, толық аяқталған, дербес орындалған еңбек деп танылып, оны ресми кеңесте қорғауға ұсынуға болады деп бағаланады.

Түркия Республикасы,
Мугла Сыткы Кочман
университетінің профессоры,
философия докторы (PhD)

 Кенан Коч

